

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 17 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4192. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Тракторларды және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерді, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 467 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2564 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2003 ж. N 43-48, 902-құжат):

атауы және 1-тармағындағы "машиналары мен механизмдерін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 827 қаулысын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңын " деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерді, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу ережесінде:

атауы "машиналары мен механизмдерін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды" деген сөздермен толықтырылсын;

к і р і с п е д е г і :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"машиналары мен механизмдерді" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды" деген сөздермен толықтырылсын;

"Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 827" деген сөздер "Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 " деген сөздермен алмастырылсын;

екінші абзацтағы 9)-тармақшадан кейінгі "." белгісі ";" белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мағынадағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) жоғары өтімді арнайы машиналар - қаршаналар, квадроциклдар.";

2) "Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау өткізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 468 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2563 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2003 ж. N 43-48, 901-құжат):

атауы және 1-тармағы "машиналары мен механизмдеріне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 827 қаулысын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңын " деген сөздермен ауыстырылсын; аталған бұйрықпен бекітілген Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізу ережесінде:

атауы "машиналары мен механизмдеріне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 827" деген сөздер "Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 " деген сөздермен алмастырылсын;

"машиналары мен механизмдеріне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"машиналары мен механизмдері" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және техникалық саясат департаменті (Доскенов М.Ж.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Вице-Министрі Д.Айтжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ол алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр